

Балқаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Алматы облысы Балқаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 22 қарашадағы № 38-176 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 4 желтоқсанда № 4920 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Балқаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Балқаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Балқаш ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Балқаш аудандық мәслихатының "Агроөнеркәсіптік, шағын және орта кәсіпкерлерлікті дамыту, тұрғын үй, жол құрылысы істері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Балқаш аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Балқаш аудандық мәслихатының хатшысы

К. Ербаев

К. Омаров

Балқаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы "22" қарашадағы "Балқаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" № 38-176 шешіміне 1-қосымша

Балқаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жинақталудың есептік нормалары, м3/жыл
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,53
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,63
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,81
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,53
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,82
6	Емханалар	1 адам	0,02
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,58
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,18
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	1,32
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 орын	0,26
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,01
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Ж о б а бойынша 1 орын	0,02
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,03
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м2	0,85
15	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м2	0,85
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	0,60
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,41
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,05
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,14
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,51
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,31
22	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,23
23	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,61

24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	5,76
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,64
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,08
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,99
28	Кіржуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,33
29	Зергерлік, аяккімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,23
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс сорны	0,23
31	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,47
32	Аудан аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1 0 0 0 қатысушы	0,45
33	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	1,21

Балқаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы "22" қарашадағы "Балқаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" № 38-176 шешіміне 2-қосымша

Балқаш ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көмуге арналған тарифтері

№	Атаулары	Есептік бірлік	Баға, теңгемен
1	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету тарифтері		
1.1	Жайлы және жайсыз үйлер	1 тұрғын айына	176,7
1.2	Заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлік субъектілері	1 текше метр	1152,3
2	Тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму тарифтері		
2.1	Заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлік субъектілері	1 тонна	3205